

Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 6 қаңтардағы № ҚР ДСМ-1 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 қаңтарда № 26488 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастырудың стандарты бекітілсін.

2. Мынадай:

1) "Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 маусымдағы № 352 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7024 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 514 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11738 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2022 жылғы 6 қаңтардағы
№ ҚР ДСМ -1 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.05.2026 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес әзірленді және амбулаториялық, стационарлық және стационар алмастыратын жағдайларда жарақаттары, тірек-қимыл аппаратының және сүйек-бұлшықет жүйесінің (бұдан әрі – СБЖ) аурулары бар пациенттерге травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру процестеріне қойылатын талаптар мен қағидаларды белгілейді.

Травматологиялық және ортопедиялық көмек меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарымен көрсетіледі.

2. Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының ұсынылатын штат саны осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

3. Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандыру осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес ұсынылатын жарақтандыру ескеріле отырып жүзеге асырылады.

4. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) бейінді маман – жоғары медициналық білімі бар, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

2) бірінші деңгейдегі өңірлік медициналық ұйымдар дәрігерлік амбулаториялар, травматолог және ортопед кабинеттер, травматологиялық пункттер, травматологиялық бөлімшелері жоқ аудандық ауруханалар;

3) екінші деңгейдегі өңірлік медициналық ұйымдар көпбейінді ауданаралық ауруханалар, травматологиялық бөлімшелері бар қалалық ауруханалар;

4) емдеуге жатқызу бюросының порталы (бұдан әрі - Портал) - тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (бұдан әрі – ТМККК) пациенттердің стационарға жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

5) жоғары технологиялық медициналық көмек (бұдан ірі – ЖТМК) - бейінді мамандар тиімділігі мен қауіпсіздігі ғылыми дәлелденген диагностика мен емдеудің инновациялық және (немесе) бірегей әдістерін және медицина ғылымының және ғылым мен техниканың сабақтас салаларының жетістіктері негізінде әзірленген технологияларды қолдануды қажет ететін аурулар кезінде көрсететін мамандандырылған медициналық көмектің бір бөлігі болып табылады;

6) жоспарлы медициналық көмек - көмек көрсетуді белгілі бір уақытқа кейінге қалдыру пациент жай-күйінің нашарлауына алып келмейтін, пациенттің өміріне қатер төндірмейтін аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

7) ЖТМК комиссиясы – ЖТМК ұсынатын денсаулық сақтау ұйымына пациентті жіберу мәселесін шешетін бейінді мамандардан облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органының басшысымен құрылған комиссия;

8) кезек күттірмейтін медициналық көмек – пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

9) клиникалық хаттама (бұдан әрі – КХ) – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

10)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10) тармақша 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.05.2026 № 60 (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

11) медициналық оңалту – пациент организмнің функцияларын сақтауға, бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

12) өңірлендіру – кадрлық және материалдық-техникалық ресурстардың бөлінуін, травматологиялық араласудың қауіптілік дәрежесін, сондай-ақ халықтың медициналық

көмекті тұтыну көлемдерін ескере отыра, травматологиялық көмек көрсету мүмкіндіктерінің деңгейлері бойынша медициналық ұйымдардың бөлінуі;

13) өңірлік травматология орталығы (бұдан әрі - ӨТО) – тірек-қимыл аппаратының жарақаттары мен аурулары бар пациенттерге мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін, жаңа технологиялық, медициналық жабдықтармен жарақтандырылған және жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етілген медициналық ұйымның бөлімшесі;

14) пациент – медициналық көмек көрсетуді қажет ететін ауруының немесе жай-күйінің болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы болып табылатын (болып табылған) жеке тұлға;

15) ҰҒТОО - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

16) үшінші деңгейдегі өңірлік медициналық ұйымдар - көпбейінді облыстық ауруханалар, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың көпбейінді қалалық ауруханалары, бейіні бойынша денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар;

17) шұғыл медициналық көмек – денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

18) шығару эпикризі пациентті стационардан шығару кезінде шығару эпикризі ресімделеді, онда қорытынды клиникалық диагноз, болу мерзімі (оның ішінде түскен және шығарылған кездегі пациенттің жай-күйі туралы деректер қысқаша қорытындыланады), жүргізілген емдеу іс-шаралары және олардың тиімділігі, пациентті одан әрі жүргізу тактикасы және ұсынылатын режим бойынша ұсынымдар көрсетіледі;

19) эндопротездеу әртүрлі аурулар немесе жарақаттар нәтижесінде зақымдалған буынды жасанды буынға ауыстыру.

2-тарау. Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін ұйымдардың құрылымы

5. Көмек көрсету деңгейлері:

1) Бірінші деңгей - дәрігерлік амбулаториялар, травматолог және ортопед кабинеттер, травматологиялық пункттер, травматологиялық бөлімшелері жоқ аудандық ауруханалар;

2) Екінші деңгей – көпбейінді ауданаралық ауруханалар, травматологиялық бөлімшелері бар қалалық ауруханалар;

3) Үшінші деңгей – көпбейінді облыстық ауруханалар, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың көпбейінді қалалық ауруханалары, бейіні бойынша денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар.

3-тарау. Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

6. Халыққа травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың, өңірлік травматология орталықтарының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) көрсететін медициналық ұйымдарымен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен, кәсіпорындармен (жұмыс беруші) және өзге үкіметтік емес, коммерциялық емес ұйымдармен бірлесіп жарақаттандудың профилактикасы бойынша іс-шараларға қатысу;

2) диагностиканың заманауи әдістерін қолдана отырып СБЖ жарақаттары мен ауруларын ерте диагностикалау;

3) СБЖ жарақаттары мен аурулары бар науқастарды КХ сәйкес емдеу;

4) қалпына келтіру емін және медициналық оңалтуды ұйымдастыру және жүргізу;

5) СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерге ЖТМК әзірлеу және енгізу, дәлелденген мен озық технологиялар енгізу, қолдану, жоғары технологияларды қолдана отырып, мамандандырылған көмек көрсету және медициналық көмек көрсету спектрін кеңейту;

6) бейінді мамандардың біліктілігін арттыру;

7) өңірлік травматология орталығына бекітілген өңірді талдау және ұйымдастыру-әдістемелік қолдау.

7. Қазақстан Республикасының халқына шұғыл, кезек күттірмейтін және жоспарлы травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсету бейінді медициналық ұйымдар қызметінің негізгі бағыттары болып табылады.

4-тарау. Қазақстан Республикасының халқына травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

8. Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күшін жою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес ТМККК шеңберінде және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде, сондай-ақ "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы". Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020

жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелді) сәйкес ақылы негізінде көрсетіледі.

9. СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерге шұғыл және кезек күттірмейтін нысандардағы медициналық көмек көрсетуді амбулаториялық, стационарлық және стационар алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсететін ұйымдарда жүзеге асырады.

10. СБЖ жарақаттары мен ауруларының салдары бар пациенттерге жоспарлы нысанда мамандандырылған медициналық көмек пен ЖТМК көрсетуді өзінің құрамында хирургиялық және (немесе) ортопедиялық және (немесе) травматологиялық бөлімшелер немесе травматологиялық бейіндегі төсектері бар медициналық ұйымдарда өңірлендіру деңгейлері бойынша Портал арқылы жүзеге асырылады:

бірінші деңгей - аудандық ауруханалар;

екінші деңгей – көпбейінді ауданаралық ауруханалар, травматологиялық бөлімшелері бар қалалық ауруханалар;

үшінші деңгей – өңірлік травматология орталықтары, көпбейінді облыстық ауруханалар, көпбейінді қалалық ауруханалар, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым.

11. Травматологиялық және ортопедиялық медициналық көмек көрсету мыналарды қамтиды:

1) амбулаториялық жағдайларда:

пациенттің жай-күйін анықтау және диагноз қою мақсатында консультациялық-диагностикалық көмек;

емдік көмек;

стационарлық жағдайларда медициналық көмекті ұсыну үшін емдеуге жатқызуға іріктеу және жіберу;

2) стационарды алмастыратын жағдайларда:

диагнозға және КХ сәйкес мамандандырылған медициналық көмек;

3) стационарлық жағдайларда:

диагнозға және КХ сәйкес мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде ЖТМК;

тағайындалған ем жүргізу;

дәрігердің күн сайын қарап-тексеруі, ем түзетуі;

бөлімше меңгерушісінің қарап-тексеруі, консультациясы;

медициналық көрсетілімдер бойынша мамандардың консультациясын

өткізуі;

"Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30

қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарына сәйкес медициналық құжаттаманы рәсімдеу;

"Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-27 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) сәйкес пациентті медициналық құжаттаманы рәсімдеумен және науқасқа стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірмесін беріп шығару;

4) медициналық ұйымнан тыс: "Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) сәйкес жедел медициналық жәрдем (бұдан әрі – ЖМЖ) бригадасын шақырту орны бойынша шұғыл түрде медициналық көмек, тасымалдау кезінде санитариялық автокөлікте және медициналық авиацияда, сондай-ақ "Трассалық медициналық-құтқару пункттерін орналастыру және қайта орналастыру жөніндегі орындарды айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2024 жылғы 20 ақпандағы № 60 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34019 болып тіркелген) сәйкес және "Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде халыққа медициналық көмек көрсету тәртібін, түрлері мен көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 139 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33217 болып тіркелген) сәйкес медициналық пойыздарда, жылжымалы (далалық) медициналық кешендерде, дала госпитальдарында, трассалық медициналық-құтқару пункттерінде және қашықтан медициналық қызмет көрсету кезінде көрсетіледі.

12. Жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде пациент жеке басын куәландыратын құжатты, клиникалық-диагностикалық зерттеулер нәтижелерін, жоспарлы емдеуге жатқызу күні белгіленген пациент туралы деректері бар жолдаманы ұсынады.

Жолдаушы медициналық ұйым № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулер, сондай-ақ қажет болған жағдайда диагностика мен емдеудің КХ сәйкес қосымша зерттеулер жүргізеді.

Қабылдау бөлмесінде № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 001/е нысаны бойынша стационарлық пациенттің медициналық картасы (бұдан әрі – медициналық карта) ресімделеді.

5-тарау. Сүйек-бұлшықет жүйесінің жарақаттары кезінде халыққа медициналық көмек көрсету тәртібі

13. СБЖ жарақаттары бар пациенттерге, оның ішінде медициналық авиацияны тартумен ЖМЖ "Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) сәйкес ұсынылады.

14. Шұғыл жағдайларда СБЖ жарақаты бар пациент стационарлық жағдайға медициналық ұйымның, ЖМЖ станциясының (бөлімшесі) санитариялық автокөлігімен , медицина қызметкерінің және (немесе) туысының алып жүруімен медициналық авиациямен жеткізіледі, сондай-ақ өз бетінше жүгінеді.

15. Медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесінде шұғыл медициналық көмек көрсету "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерінде шұғыл медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі № ҚР ДСМ-27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22493 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

16. СБЖ жарақаттары бар пациенттерге кезек күттірмейтін нысанда медициналық көмек барлық деңгейдегі медициналық ұйымдардың травматологиялық пункттерінде, травматология және ортопедия бөлімшелерінде (кабинеттерде) көрсетіледі. Емдеуге жатқызу үшін көрсетілімдер болған кезде, пациент одан әрі емделу үшін стационарға жіберіледі.

17. СБЖ жарақаты бар пациентті емдеуге жатқызуға медициналық көрсетілімдер болмаған кезде, бекітілген орны бойынша одан әрі амбулаториялық жағдайда байқау және емдеу жөнінде консультация беріледі.

18. Стационар жағдайында мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін медициналық көрсетілімдер болған кезде СБЖ жарақаттары бар пациенттер травматология және ортопедия бөлімшесіне және (немесе) өз құрамында травматологиялық төсектері бар хирургиялық бөлімшеге, көптеген және қосарласқан жарақаттар бөлімшесіне, күйік бөлімшесіне емдеуге жатқызылады.

19. ЖТМК көрсету үшін медициналық көрсетілімдер болған кезде СБЖ жарақаттары бар пациенттер ЖТМК көрсететін медициналық ұйымдарға көмектің осы түрін алу үшін жіберіледі.

20. Тірек-қимыл аппаратының жарақаттары және аурулары бар пациенттерге диагностикалық және емдеу іс-шаралары медициналық көмекті өңірлендіруді ескере

отырып осы Стандартқа 3-қосымшаға (бұдан әрі – 3-қосымша) сәйкес тізбе бойынша жүргізіледі.

6-тарау. Сүйек-бұлшықет жүйесінің жарақаттар салдары және аурулары кезінде, балалар халқын қоса алғанда, халыққа жоспарлы нысанда мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

21. СБЖ аурулары бар пациенттерге жоспарлы нысандағы медициналық көмек амбулаториялық немесе стационарлық жағдайларда травматология және ортопедия бөлімшелерінде (кабинеттерінде), хирургиялық бөлімшелерде (кабинеттерде) жүзеге асырылады. Жоспарланған емдеуге жатқызу күні пациенттің стационарды еркін таңдауын ескере отырып, № ҚР - ДСМ- 27 бұйрыққа сәйкес айқындалады.

22. Амбулаториялық жағдайда консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарға СБЖ ауруы бар пациент жүгінген кезде травматолог-дәрігер пациентті қарап-тексеруді жүзеге асырады, ауруды диагностикалау және емдеу тактикасын айқындау үшін қажетті клиникалық-диагностикалық, аспаптық және рентгенологиялық зерттеулерді, бейінді мамандардың консультацияларын тағайындайды.

23. Медициналық көрсетілімдер болған кезде пациент жоспарлы және (немесе) шұғыл нысандағы медициналық көмек көрсету үшін стационарлық жағдайда емдеуге жатқызу үшін жіберіледі.

24. СБЖ ауруы бар пациентке стационарлық жағдайда ем жүргізілгеннен кейін одан әрі бақылау және (немесе) диспансерлік есепке қою үшін бекітілген жері бойынша аудандық және (немесе) қалалық емхананың травматолог (ортопед) дәрігеріне жіберіледі.

25. Медициналық көмекті өңірлендіру деңгейін ескере отырып СБЖ жарақаттары мен аурулары кезінде стационарлық жағдайларда медициналық көмек 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

26. СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерге стационарлық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ -238/2020 бұйрығына (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

27. Жарақат салдары (металл құрастырылымдарымен бітісіп кеткен сынықтар, бітіспеген сынықтар, буындардың жарақаттан кейінгі контрактуралары, жалған буындар, іріңді-қабыну асқынулары) және СБЖ аурулары бар пациенттер жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген мерзіміне сәйкес медициналық ұйымдарға емдеуге жатқызылады. Жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде пациент № ҚР ДСМ - 27

бұйрығымен бекітілген стандартқа 5-қосымшаға сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулерден (зертханалық, аспаптық және функционалдық, бейінді мамандардың консультацияларынан) өтуге міндетті.

28. Медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесі шұғыл травматологиялық және ортопедиялық көмек алуға пациенттерді тәулік бойы қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

29. Медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесінде жоспарлы емдеуге жатқызуға пациенттерді қабылдау және тіркеу ұйымның бекітілген жұмыс графигіне сәйкес жұмыс уақытында, жүгінген сәттен бастап 60 минут ішінде жүзеге асырылады.

30. Диагнозды түпкілікті қою үшін динамикалық байқау және қажетті емдеу-диагностикалық іс-шаралардың толық көлемі өтініш берген сәттен бастап 24 сағат ішінде жүргізіледі.

31. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдану белгілері анықталған кезде медициналық картада нәтижелерді медициналық картаға енгізе отырып психикаға белсенді әсер ететін заттың құрамын анықтауға кейіннен биологиялық материалдар алынып, жазба ресімделеді.

32. Емдеуге жатқызу кезінде пациент ұсынылатын және баламалы емдеу әдістерінің ықтимал қатері мен артықшылықтары туралы деректерді, емделуден бас тартудың ықтимал салдарлары туралы мәліметтерді, диагнозы, емдік іс-шаралардың болжамы мен жоспары туралы ақпаратты қоса алғанда, өз денсаулығының жай-күйі туралы толық ақпарат алады, сондай-ақ үйге шығару немесе басқа медициналық ұйымға ауыстыру себептеріне түсініктеме алады. Бала жасындағы, әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтың, және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі азаматтың пациентті емдеуге жатқызу кезінде бұл ақпарат ата-анасына және (немесе) заңды өкілдеріне және (немесе) қамқоршыларға беріледі.

33. СБЖ жарақаттары және аурулары бар пациент медициналық көмек көрсетуден Кодекстің 137-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кодекстің 136-бабына сәйкес бас тартуға құқылы. Бала жасындағы, әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтың, және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі азаматтың пациент бас тартқан кезде бұл шешімді ата-анасы және (немесе) заңды өкілдері және (немесе) қамқоршылар қабылдайды.

34. Медициналық ұйымға келіп түскен күні пациентті травматолог-ортопед дәрігер қарап-тексеру жүргізеді, оған қажетті ем тағайындайды және оны белгіленген емдеу-диагностикалық іс-шаралармен хабардар етеді. Бала жасындағы әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтың, және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі азаматтың пациентті емдеуге жатқызу кезінде бұл ақпарат ата-анасына және (немесе) заңды өкілдеріне және (немесе) қамқоршыларға беріледі.

35. Емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, емдік тамактануды ұйымдастыру және пациенттің тиісті күтімі стационарға келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырылады.

36. Клиникалық диагноз № ҚР ДСМ-27 бұйрығының 14-тармағына сәйкес белгіленеді.

37. Медициналық ұйымда пациент шыққанға дейін сақтауға тапсырылған бағалы заттарды, ақша қаражатын, құжаттарды, сондай-ақ пациенттердің киімдері мен жеке заттарын есепке алуды және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

38. Стационарда болған уақытта пациент медициналық көрсетілімдер бойынша емдеудің КХ-ға сәйкес зерттеулер жүргізу үшін аурудың бейіні бойынша медициналық ұйымдарға жіберіледі және (немесе) емді жалғастыру үшін өңірлендірудің келесі деңгейіндегі ұйымдарға ауыстырылады.

39. Стационар жағдайындағы пациенттерге диагностикалық және емдеу манипуляциялары тағайындалып, медициналық картаға тиісті жазбаны енгізе отырып, емдеуші дәрігер күн сайын (демалыс және мереке күндерінен басқа күндері кезекші дәрігер қарап-тексеруді жүзеге асырады) қарап-тексеруге тиіс.

40. Бөлімше меңгерушісі пациентті келіп түскен күні, кейіннен – медициналық көрсетілімдер бойынша (ауыр және аса ауыр жағдайдағы пациенттер күн сайын, орташа ауыр және жеңіл жағдайдағы пациенттер аптасына кемінде бір рет) және шығару алдында қарап-тексеруді жүзеге асырады. Пациенттерді қарап-тексеру нәтижелерін бөлімше меңгерушісі диагнозымен және ұсынымдарымен медициналық картаға енгізеді және оларға қол қояды.

41. Диагнозды сәйкестендіруде қиындықтар, жүргізіліп жатқан емнің тиімсіздігі кезінде бөлімше меңгерушісінің өтінімі бойынша басшының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары консилиум ұйымдастырады.

Кешкі, түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері консилиумды кезекші дәрігердің өтініміне сәйкес стационар бойынша жауапты кезекші дәрігер ұйымдастырады.

42. СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерге ақылы қызметтер "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

43. Пациент стационардан шыққаннан кейін медициналық карта медициналық ұйымның архивіне тапсырылады және 25 (жиырма бес) жыл бойы сақталады.

44. Пациентті стационардан шығару № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

45. Пациентті стационардан шығару кезінде шығару эпикризі ресімделеді, онда қорытынды клиникалық диагноз, болу мерзімі (оның ішінде түскен және шығарылған кездегі пациенттің жай-күйі туралы деректер қысқаша қорытындыланады), жүргізілген емдеу іс-шаралары және олардың тиімділігі, пациентті одан әрі жүргізу тактикасы және ұсынылатын режим бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

Стационардан шығарылған пациентте сондай-ақ бір жасқа дейінгі балаларда шығарған кезде белсенді динамикалық байқауға көрсетілімдер болған кезде, олар туралы ақпарат бекітілген жері бойынша МСАК көрсететін ұйымға беріледі.

46. СБЖ жарақаттары мен аурулары бар қайтыс болған пациенттерді патологиялық-анатомиялық ашып қарау "Қазақстан Республикасында патологиялық-анатомиялық диагностика көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-259/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21790 болып тіркелген) Қазақстан Республикасында патологиялық-анатомиялық диагностика көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Пациентте кезек күттірмейтін медициналық араласуды талап ететін жағдай болған кезде емдеуге жатқызу шұғыл көрсетілімдер бойынша жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау ұйымының ЖТМК ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындысы бар үшінші деңгейлі медициналық ұйымдарда ЖТМК бойынша ем алу үшін СБЖ жарақаттарының салдары мен аурулары бар пациенттерді жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде пациент № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрыққа сәйкес ЖТМК комиссиясының шешімі бойынша емдеуге жатқызылады.

48. Стационарлық жағдайларда көмек көрсететін бірінші өңірлендіру деңгейдегі медициналық ұйымдарда шокқа қарсы базалық терапия және реанимациялық іс-шаралар жүргізіледі. 3-қосымшаға сәйкес хирургиялық араласулар жүзеге асырылады. Күрделі жағдайларда жоғары деңгейдегі медициналық ұйымдардың мамандары пациентке қашықтықтан консультациялар беру, шығу және (немесе) ауыстыруды (тасымалдауды) жүзеге асырады.

49. Амбулаториялық жағдайларда СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсету үшін травматолог және ортопед кабинеттері ұйымдастырылады.

Травматолог пен ортопедтің кабинетінде:

1) СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерге консультациялық-диагностикалық және медициналық көмек көрсету;

2) стационарлық жағдайларда емделуге СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерді іріктеу және жіберу;

3) ЖТМК көрсетуге СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерді іріктеу және жіберу.

Ұлттық және (немесе) ғылыми орталықтарға емдеуге жатқызуға жіберу тиісті бейіндегі (күндізгі, қашықтықтан) Ұлттық және (немесе) ғылыми орталық мамандарының консультациялық парағы болған кезде жүзеге асырылады;

4) СБЖ туа біткен патологиясы бар балаларды емдеуді жүргізу;

5) СБЖ жарақаттарының және ауруларының салдары бар пациенттерді: жамбастың туа біткен ұршық шықпасы, туа біткен маймақтық, сколиозы, қаңқаның тұқым қуалайтын жүйелік аурулары, қаңқа дамуының ауытқуларымен, ірі буындарды эндопротездеуден кейін остеопорозы бар пациенттерді байқау;

6) еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) жүзеге асыру;

7) тірек-қимыл аппаратының және СБЖ функциялары бұзылуының тұрақты белгілері бар пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясына жіберу;

8) ересектер мен балалар арасында сүйек-бұлшықет сырқаттанушылығының және жарақаттанудың профилактикасына оны төмендетуге бағытталған мемлекеттік және өңірлік нысаналы бағдарламаларды орындауға қатысу;

9) қызмет көрсету ауданындағы ересектер мен балалар арасында сырқаттанушылықтың, мүгедектіктің, СБЖ жарақаттар мен аурулардан болатын өлімнің негізгі медициналық-статистикалық көрсеткіштерін мониторингтеу және талдау;

10) қызмет көрсету ауданындағы СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерді профилактикалау, диагностикалау, емдеу, оңалту бойынша консультациялар беру;

11) СБЖ жарақаттары мен аурулары бар пациенттерді профилактикалаудың, диагностикалаудың және емдеудің жаңа әдістерін практикаға енгізу;

12) стационарды алмастыратын жағдайларда пациенттерге көмек көрсету " Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Емхананың травматолог және ортопед кабинеті 2-қосымшаға сәйкес амбулаториялық жағдайларда травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсету үшін медициналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі.

